Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 Қаулысы

(2018.09.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары;

2) зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қағидалардың 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағының екінші бөлігін, 3-тармағының екінші бөлігін, 9, 11-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **С. Ахметов**

ҚР Үкіметінің 2015.10.12. № 988 Қаулысымен қағида жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 2 қазандағы
№ 1042 қаулысымен
бекітілген

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен

қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

ҚР Үкіметінің 2016.14.04. № 215 Қаулысымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ҚР Үкіметінің 2017.29.09. № 603 Қаулысымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - БЖЗҚ) - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері (бұдан әрі - зейнетақы төлемдері) - зейнетақы төлемдерін алушыларға төленетін зейнетақы жинақтарының төлемдері;

4) зейнетақы жинақтары - шарттарға, Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты, өсімпұлды және өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында есепке алынатын ақшасы;

5) зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі - алушы) - бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға.

3. Зейнетақы төлемдері:

1) ҚР Үкіметінің 2015.10.12. № 988 Қаулысымен 2018 ж. 1 қаңтарға дейін қолданылды *(бұр.ред.қара)*

2) тармақша 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді

2) Заңның 31-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында, 32-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде белгіленген кесте бойынша ай сайын жүзеге асырылады.

Ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады.

Бұл ретте ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің есептелген мөлшерінің төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 54 пайызынан төмен емес мөлшерде жүзеге асырылады.

Өтініш берілген күнге дейінгі зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, аталған сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет төленеді.

Егер жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы кезекті ай сайынғы төлемді жүзеге асырғаннан кейін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 54 пайызынан төмен емес соманы құраса, бұл қалдық кезекті төлемнің сомасымен бірге төленеді.

3) Заңның 31-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 2-тармағында, 32-бабы 1-тармағы 4) тармақшасында, 2-тармағында көзделген жағдайларда бір рет;

4) зейнетақы жинақтарын Заңның 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, зейнетақы аннуитеті шартының негізінде сақтандыру ұйымына аудару арқылы төленеді.

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2-тарау. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

Зейнеткерлік жасқа толғанда, мерзімсіз бірінші және екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Алушы БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу мақсатында:

1) Заңның 31-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында, 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайлар басталған кезде жеке басты куәландыратын құжатты, сондай-ақ банк шоты туралы мәліметті ұсына отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - мемлекеттік корпорация) өтінішпен жүгінеді;

2) Заңның 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайлар басталған кезде БЖЗҚ-ға өзі жүгінгенде:

БЖЗҚ ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш);

алушының жеке басын куәландыратын құжатты;

алушының банк шоты туралы мәліметтерді ұсынады.

БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде: алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтініш береді.

БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы өтініш беру тәртібі БЖЗҚ ішкі құжаттарымен бекітіледі.

ҚР Үкіметінің 2016.14.04. № 215 Қаулысымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара);
ҚР Үкіметінің 2017.29.09. № 603 Қаулысымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Егер алушылар Заңның 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдар болып табылған жағдайда, БЖЗҚ алушыға мүгедектік белгілеу туралы мәліметтерді мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорынан сұратады.

Алушыда мерзімсіз бірінші немесе екінші топтағы белгіленген мүгедектіктің болуы туралы мәліметтерге растау болмаған жағдайда БЖЗҚ алушы өтініш берген күні БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тартады, онда бас тарту себебі көрсетіледі.

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 5-1-тармақпен толықтырылды

5-1. Алушылардың осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік корпорацияға ұсынған өтініштері бойынша мемлекеттік корпорация БЖЗҚ мен мемлекеттік корпорация арасында жасалған тиісті келісімде белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-мен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, оның шеңберінде БЖЗҚ-ға алушылардың мемлекеттік корпорацияда тіркелген өтініштері туралы мәліметтер беріледі.

БЖЗҚ алушылардың осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің сомаларын мемлекеттік корпорацияға аударады.

Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-дан алынған зейнетақы төлемдерінің сомаларын мемлекеттік корпорация белгілеген әлеуметтік төлемдер кестесіне сәйкес алушылардың өтініште көрсетілген банк шоттарына аударады, бұл ретте бірінші төлем осы Қағидалардың 19-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Алушы осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған не алушыда БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда не ол белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алушы болып табылса, мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, жүгінген күні өтініш берушіге өтінішті қабылдаудан бас тартады не бас тарту себептерін көрсете отырып, осы Қағидаларда көзделген құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу жолымен өтінішті орындаудан бас тартады.

ҚР Үкіметінің 2016.14.04. № 215 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2018.09.10. № 624 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 6-тармақ жаңа редакцияда

6. Зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап белгіленеді және зейнетақы жинақтары біткенше төленеді.

Бұл ретте:

осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген алушылар үшін - алушының өтінішін мемлекеттік корпорацияда тіркеу күні;

осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген алушылар үшін - БЖЗҚ-ға құжаттарды қабылдау не түсу күні зейнетақы төлемдеріне жүгінген күн болып есептеледі.

БЖЗҚ осы Қағидаларда көзделген ережелерді ескере отырып, жыл сайын белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қайта есептеуді дербес жүргізеді.

7. ҚР Үкіметінің 2016.14.04. № 215 Қаулысымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда

ҚР Үкіметінің 2016.27.12. № 862 Қаулысымен 8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2017.29.09. № 603 Қаулысымен 8-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

8. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен зейнетақы жинақтары бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өздері өтініш жасаған кезде БЖЗҚ-ға:

1) өтініш;

2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік паспорттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;

3) алушының банк шоты туралы мәліметтерді ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған кезде БЖЗҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен өтініш жасаған шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

Өтініш жасаған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күші жойылуына байланысты Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің не Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда БЖЗҚ осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген мерзімдерде зейнетақы төлемін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар екендігі және оның жарамдылығы туралы мәліметтер алынған, сондай-ақ өтініш жасаған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткені туралы мәліметтер болмаған жағдайда БЖЗҚ өтінішті осы Қағидалардың 18-тармағында белгіленген мерзімдерде оны қабылдаудан не орындаудан бас тартады.

9. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға зейнетақы төлемдері бір рет жүзеге асырылады.

Алушы не зейнетақы жинақтары бар адам
қайтыс болған жағдайда

ҚР Үкіметінің 2017.29.09. № 603 Қаулысымен 10-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

10. Алушы, сондай-ақ БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Заңның 11-бабының 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлейді.

Жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіппен төленеді.

11. Жерлеуге арналған біржолғы төлем алу үшін зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі немесе жерлеуді жүзеге асырған адам БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды:

1) өтініш;

2) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің немесе жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;

3) зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;

4) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің не жерлеуді жүзеге асырған адамның банк шоты туралы мәліметтерді ұсынады.

12. Жерлеуге арналған біржолғы төлем осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген құжаттар қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің 2016.14.04. № 215 Қаулысымен 13-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

13. Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарын алу үшін алушылар (мұрагерлер) БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды:

1) өтініш;

2) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;

3) нотариат куәландырған зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесін;

4) мұрагерлік құқығы туралы куәліктің түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін не мұраға берілетін мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімін;

5) алушының банк шоты туралы мәліметтерін ұсынады.

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 14-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

14. Өтініш үшінші тұлға арқылы берілген жағдайда, үшінші тұлға осы Қағидалардың 4, 8, 13-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша:

1) нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын немесе оның нотариат куәландырған көшірмесін;

2) үшінші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын береді.

Бұл ретте алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін нотариат куәландырады (нотариатта куәландыру тұратын мемлекетінде жүргізілген жағдайда).

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 15-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

15. Өтініш пошта байланысының құралдары арқылы берілген кезде осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында, 8, 13-тармақтарында көрсетілген алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ өтініштегі алушының қолын нотариат куәландырады (нотариатта куәландыру тұратын мемлекетінде жүргізілген жағдайда).

16. Қабылданған құжаттар негізінде БЖЗҚ істің электрондық макетін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтайды.

17. Құжаттар топтамасын пошта байланысының құралдары арқылы БЖЗҚ-ға берген адамды қоспағанда, алушыға, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесіне, не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат тапсырылады.

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 18-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

18. Алушы, не зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі, не жерлеуді жүзеге асырған адам осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасына, 8, 11 және 13-тармақтарына сәйкес белгіленген құжаттар толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, БЖЗҚ өтініш берген күні БЖЗҚ ішкі құжаттарында айқындалған нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты бере отырып, өтінішті қабылдаудан не осы Қағидаларда көзделген құжаттарды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жолдау арқылы бас тарту себебін көрсете отырып, өтінішті орындаудан бас тартады.

ҚР Үкіметінің 2018.09.10. № 624 Қаулысымен 19-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

19. Зейнетақы төлемдері алушыларға белгіленген кесте бойынша, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, мұрагерлерге осы Қағидаларда көзделген құжаттар БЖЗҚ-ға қабылданған не келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген алушыларға бірінші зейнетақы төлемі БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне құқығы туындау шартымен мемлекеттік корпорацияда өтінішті тіркеген күннен бастап он жұмыс күн ішінде не БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарына құқық туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Кейінгі ай сайынғы зейнетақы төлемдері осы Қағидалардың 5-1 және 6-тармақтарында белгіленген ережелерді ескере отырып жүзеге асырылады.

20. БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін алушының не зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің не жерлеуді жүзеге асырған адамның деректемелері өтініште көрсетілетін банк шотына аударады.

21. Зейнетақы жинақтарын аударуға, есептеуге және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу, оларды айырбастау және алушылардың шетел банктерінде ашылған банк шоттарына аударуды қоспағанда, БЖЗҚ-ның өз меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

22. Құжаттың көшірмесін түпнұсқасымен дұрыстығын куәландыру, өтініште алушының қолтаңбасының түпнұсқалығын, сенімхатты растау бөлігінде нотариаттық іс-әрекеттер шетел мемлекетінде жүргізілген жағдайда, онда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, оларды заңдастыру қажет.

ҚР Үкіметінің 2015.10.12. № 988 Қаулысымен әдістеме жаңа редакцияда (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 2 қазандағы
№ 1042 қаулысымен
бекітілген

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру
әдістемесі

Зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомаларының келесі кестеге сәйкес алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептеледі:

Жасы	**Зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициенттері**
1	**2**
18	0,07917
19	0,07922
20	0,07926
21	0,07931
22	0,07937
23	0,07942
24	0,07949
25	0,07956
26	0,07963
27	0,07972
28	0,07981
29	0,07990
30	0,08001
31	0,08013
32	0,08025
33	0,08039
34	0,08054
35	0,08070
36	0,08088
37	0,08107
38	0,08128
39	0,08151
40	0,08176
41	0,08204
42	0,08234
43	0,08267
44	0,08303
45	0,08342
46	0,08385
47	0,08432
48	0,08484
49	0,08541
50	0,08604
51	0,08674
52	0,08750
53	0,08835
54	0,08928
55	0,09032
56	0,09148
57	0,09277
58	0,09421

59	0,09582
60	0,09764
61	0,09969
62	0,10202
63	0,10467
64	0,10771
65	0,11121
66	0,11528
67	0,12005
68	0,12570
69	0,13246
70	0,14067
71	0,15081
72	0,16362
73	0,18024
74	0,20257
75	0,23404
76	0,28152
77	0,36099
78	0,52048
79	1,00000

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 2 қазандағы
№ 1042 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдердің тізбесі

1. «Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін және Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., № 28, 272-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 маусымдағы № 580 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 23, 297-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қазандағы № 1059 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 38, 539-құжат).

ҚР Үкіметінің 2014.20.03. № 250 Қаулысымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 тамыздағы № 736 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2006 ж., № 29, 311-құжат).

ҚР Үкіметінің 2014.20.03. № 250 Қаулысымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 352 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 12-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 13, 157-құжат).

6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1397 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 645-құжат).

7. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 72 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 8, 29-құжат) 1-тармағының 2) тармақшасы.

ҚР Үкіметінің 2014.20.03. № 250 Қаулысымен 8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 648 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 534-құжат).

9. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 1196 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 71, 1028-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

10. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 551 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.